



Айғақ Медиа



aigakmedia



Айғақ ТВ

tikелей эфир

№50

/Сәрсенбі/

11 желтоқсан

2019 жыл

www.aigak.kz

АЙҒАҚ

MEDIA

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар РЫСҚҰЛОВ және Саттар ЕРҰБАЕВ атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІРҚАТАР КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың есебін тыңдады. Онда Үкіметтің еліміздегі әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж тұрғындардың жағдайына қатысты атқарып жатқан жұмысы туралы айтылды. 2020 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек, ең алдымен, аз қамтылған отбасылардың балаларына беріледі, деп хабарлайды Ақорда сайты.

Мемлекет басшысы облыстардағы азаматтардың арыз-шағымдарын әділ әрі тиімді қарастыруға ерекше көңіл бөледі тапсырды. Осыған байланысты барлық деңгейдегі әкімдердің жауапкершілігі айтарлықтай артатын болады.

Кездесу барысында міндетті медициналық сақтандыру жүйесін сапалы жүзеге асыру

мәселесі де қарастырылды. Үкіметке нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова Қорғаныс министрлігіне, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-на және «Қазарнаулықпорт» РМК-на жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындысы туралы баяндады. Есеп комитетінің төрағасы «Қазақстан инжиниринг» компаниясының қаржылық-шаруашылық жұмысындағы ретсіз шығындар, қарыз жүктемелерінің артуы, холдингтегі өндіріс жүйесінің өбден ескіргені жөнінде мәлімет берді.

Мемлекет басшысы аудит қорытындысы бойынша жинақталған материалдарды өкілетті органдарға жолдауды, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарастыруды тапсырды.

Түркістанда теңдесі жоқ туристік кешен салынады. Стамбул қаласында өткен Қазақстан-Түрік инвестициялық форумы барысында жүзеге асқан жобаның құны 39 млрд. теңгені құрап отыр. Облысқа келген Үкімет басшысы Асқар Мамин кезекті сапарында 2 нысанның құрылысын іске қосты.

көтереді. Бұдан бөлек, Премьер-Министр Қазығұрт ауданында жылдам дайындалатын кеспе өнімдерін шығаратын кәсіпорынның ашылуына қатысты.

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамашы болған ИИДМБ, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын, сондай-ақ ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шымкент пен Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша берген тапсырмаларын іске асыруды қамтамасыз ету аясына назар аударды.

Шымкент қаласында Үкімет басшысы «Қазақстанның инвес-

ШЫМКЕНТ - «ТМД ЕЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ» ЭСТАФЕТАСЫН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАП АЛДЫ

9 желтоқсанда Беларусь Республикасының Брест қаласында «Брест – ТМД елдерінің 2019 жылғы мәдени астанасы» іс-шарасының жабылу салтанаты өткен. Бұл туралы Шымкент қаласының ішкі саясат және дін істері басқармасынан хабарлады. Салтанатты шарада Брест қаласы 2020 жылғы ТМД-ның мәдени астанасы эстафетасын Шымкентке ресми түрде табыс еткен.

Достық пен өзара ынтымақтастық байланыстары паш етілген жиынға 2020 жылғы ТМД-ның мәдени астанасы мәртебесін иеленген Шымкент қаласынан арнайы өкілдер қатысты. Шаһардың мерейін асырған мәртебелі шараға үшінші мегаполистен делегацияны Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қайрат Нұртай бастап барған. Мерекелік шара шеңберінде Шымкент қаласының ішкі саясат және дін істері басқармасының басшысы Жанар Бектаева, сондай-ақ, фототілшілер қаламыздың туристік және тарихи-мәдени әлеуетін таныстырды.

ТМД Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорының (МГЫК) отырысы барысында Брест қаласында Достастықтың мәдени астанасы ретінде атқарылған жұмыстары сараланып, оның қорытындысы талқыланды. БАҚ өкілдері үшін арнайы баспасөз жиындары ұйымдастырылып, шара аясында жиылған көпшілік «Брест қорғаны» мемориалдық кешенінің Мәңгілік алауына гүл шоқтарын қойған.

Мерекелік шара «Брест – ТМД елдерінің 2019 жылғы мәдени астанасының» жабылу салтанатына ұласып, концертке үздік өнерпаздар қатысты.

Ал, халықаралық «Достастық дебюттері» премиясының лауреаттары қонақ ретінде шақырылған.

ТМД ЕЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ
КУЛЬТУРНАЯ СТОЛИЦА СНГ

Салтанатты шара барысында сөз алған Беларусь Республикасының Мәдениет министрі Юрий Бондарь «Достастықтың мәдени астаналары» мемлекетаралық бағдарламасы - ТМД елдерінің мәдениет саласындағы басты жобасы екендігін атап өтті. Мұндай

мәртебеге ие болу - мәртебелі және жауапты. Аталмыш халықаралық

ғының мыңжылдығын мерекелеу бағдарламасына өте сәйкес келгендігін және бұл шараның ауқымы кеңейте түскендігін атап өтті.

Ал, Шымкенттің дамуы мен даралануы үшін маңызы ерек бұл эстафетаны қабыл алған Қайрат Нұртай қала үшін үлкен жауапкершілік екендігін айқындап берді және бұл мәртебеге қала халқы дайындалып жатқандығын айтты. Сондай-ақ, «Бұл Достастыққа қатысушы елдер үшін тарих, мәдениет туралы білім алмасуға жақсы мүмкіндік. 2020 жылы біздің қала-

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ САПАРЫ:

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ - ҚАРҚЫНДЫ



Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бой көтеретін тағы бір жобаны да түрік инвесторлары қолға алған. Яғни, 2022 жылы Түркістанда көпсалалы аурухана бой

тияциялық қоры» АҚ және «Alliance Textile» Өзбек жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының бірлескен жобасы.

Жалғасы 4-ші бетте

Дайындаған: Саптанат Тойболова



жоба жүзеге асырылғаннан бері Беларуссияның үш қаласы - Гомель, Могилев және Брест таңдалған.

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Нұртайға 2020 жылғы «ТМД елдерінің мәдени астанасы» эстафетасының символикалық мүсіншесін Брест қалалық атқару комитетінің төрағасы Александр Рогачук тапсырған. Ол, достастықтың мәдени астанасындағы іс-шаралар облыс орталы-

мызда символдық мәні бар. өзінің 2200 жылдық мерейтойын атап өтеді», - деді Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай.

Айта кетейік, Достастықтың мәдени астаналары жобасы 2010 жылы өзекті ретінде ТМД-дағы тарихи-мәдени мұра жылы аясында көтерілді. Әр жылдары ТМД-ның астаналары Астана (Қазақстан), Габала (Азербайжан), Могилев (Беларусь) болып таңдалған.

Б.САПАРБАЕВ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУГЕ ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев елордадағы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында азаматтарды қабылдады, деп хабарлайды primeminister.kz.

Астана тұрғындары медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік қызметтерге, тұрғын үймен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге, еңбекке орналастыруға қатысты және басқа да проблемалық мәселелерді көтерді.

Егде тартқан мүгедек анасына күтім жасап отырған Елена Солоник әлеуметтік көмек органдары ұсынатын оңалту және гигиена құралдарының сапасының төмендігіне және олармен уақытылы қамтамасыз

етілмейтініне шағымданды.

«8 жыл бұрын сатып алған арбамыз бізге биыл берілген мүгедектер арбасынан әлдеқайда сапалы. Гигиена құралдарын біз кеше ғана алдық, олардың сапасы да тым төмен», - деді Е. Солоник.

Вице-премьер қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына осы мәселені шешуді және мүгедек жандарды сапалы оңалту және гигиена құралдарымен қамтамасыз етуді тапсырды.

«Біз бұл проблема туралы білеміз. Ол тек сіздің отбасыңызға ғана емес, еліміздегі барлық мүгедектерге қатысты. Сондықтан, келесі жылдан бастап, біз Әлеуметтік қызметтер порталын іске қосамыз. Ол қазірдің

өзінде Ақтөбе облысында пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр. Осы портал арқылы мүгедек жандар өз бетінше көрсетілетін қызметтер мен техникалық оңалту құралдарын тандай алады», - деді Б. Сапарбаев.

Нузигүл Ақан өзінің ұлына мүгедектік тобын беру мәселесін шешуде көмек көрсетуді сұрады. Жас жігіттің жүрегіне күрделі операция жасалған, оған тағы ота жасату керек.

Қажетті тексерулер жүргізіп, қолданыстағы заңнама шеңберінде осы мәселені шешу денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарына тапсырылды.

Бұл күні вице-премьер барлығы 12 азаматты қабылдады. Жүгінген азаматтардың барлық өтініштері мен ұсыныстарын тыңдаған соң, Бердібек Сапарбаев түсінік беріп, тиісті мемлекеттік органдарға заңнама аясында мәселелерді шешуде ықпал көрсетуді тапсырды.



«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ 95 ЖЫЛ

Тарихы 1924 жылдан басталатын «Оңтүстік Қазақстан» газетіне 95 жыл толды. Бір ғасырға жуық Қазақстан тарихына куә болған газет алғашында «Ақ жол» деген атпен Түркістан облысы жөніндегі ұйымдастыру бюросының тілі ретінде шыға бастаған. Қазақтың аяулы перзенттері Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожанов негізін қалаған газет бүгінгі күнге дейін халыққа қызмет етуде.

Баспасөз қай уақытта да қоғамдық өмірдің айнасы, заманның шынайы шежіресі екендігі белгілі. Оған осы жылдың желтоқсан айында жарық көргеніне 95 жыл толған «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тағдыры айқын дәлел. Бұл газет әдебиетіміз бен мәдениетіміздің гүлденіп дамуына ғана емес, ұлттық ой-сананың бүр жарып, азаттық идеясының лаулап жануына қосқан үлесі зор басулы. Бұл ешқандай дәлелдеуді тілемейтін тарихи шындық. Бүгінгі торқалы тоқсан бес жасты тойлауға үлкен іс-шара өткізіліп, барлық құттықтаушылар киелі Түркістан қаласында бас қосты. Солардың қатарында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов та бар. Өз құттықтау сөзін жеткізген ол өзге де сәлемдемелерді тапсырды.

Бүгінгі күні аптасына үш рет, қырық бес мың тиражбен шығатын газет әрбір мемлекеттік

қызметкерді алдынан табылады. Себебі, Түркістан облысында болып жатқан жаңалықтар жедел түрде осы газет беттерінде жарық көреді. Тоқсан бес жылдыққа келіп түскен құттықтаулардың қатары да көп. Әрине, ұлттық сана ұйытқысы болған газеттің қоғамға тигізген пайдасы ұшан теңіз. Бұл газетте Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев сынды белгілі жазушылар қаламының ізі қалған. Ал, жарық көру жолында Асқар Тоқмағамбетов, Ханбибі Есенқарақызы секілді өзге де жазушылар мен белгілі тұлғалар жұмыс жасаған. Соның бірі мен едім деп, өзінің жас кезін есіне алған «Nur Otan» Партиясы Түркістан облыстық филиалы Төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаев газет қызметкерлерін мерей тойымен құттықтап, алғыс хаттар табыстады.

Кезінде қазақтың еңкейген көрісі мен еңбектеген жасына да ой салатын, ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек жеңін жиғызған газеттің ең алдымен тарихи құны жоғары.

95 жылдығын тойлаған «Оңтүстік Қазақстан» газетінің мерейтойы «Өңірлік БАҚ: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы форуммен жалғасты.

Аруна ПЕРНЕБЕК

БОКСТАН ТҮРКІСТАН СПОРТШЫЛАРЫ ТОП ЖАРДЫ



Алматыдағы Балұан Шолақ атындағы спорт сарайында бокстан 2019 жылғы Конфедерация кубогінің иегерлері анықталды. Тартысты бәсекеде Түркістан облысы жеңіске жетті деп жазады Olymric.kz. Түркістандық боксшылар финалда Нұр-Сұлтан командасы 5:3 есебімен ұтты. 52 келі Сәкен Бибосынов (Түркістан облысы) – Азат

зат Сабыр (Түркістан) – Тимур Нұрсейітов (Нұр-Сұлтан) – 0:5 81 келі Бек Нұрмағанбет (Түркістан облысы) – Нұрбек Оралбай (Нұр-Сұлтан) – 5:0 91 келі Абзал Құттыбеков (Түркістан облысы) – Айбек Оралбай (Нұр-Сұлтан) 4:1 +91 келі Нұрлан Сапарбай (Түркістан) vs Нұрболат Сермаханов (Нұр-Сұлтан) KO R3

ЕГЕМЕНДІКТЕ ТУҒАН - ЕРКІН ОЙЛЫ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

Біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қасиетті күн. Биыл тұғыры биік Тәуелсіздігімізге 28 жыл толады. Жалпы Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

Тәуелсіз елдің топырағында дүниеге келген жандар елмен бірге есейіп, бой түзеп келеді. Күннен күнге қарыштап өскен Қазақстан Республикасымен бірге, жастар да алдарына мақсат қойып, сол жолда аянбай тер төгуде. Болашаққа жоспар құрып, бағындырар биіктеріне ұмтылуда. Бірі Тәуелсіз елдің қоғамдық қауіпсіздік, тыныштық сапында қызмет етсе, келесілері өнерін шыңдауда, енді бірі спортта оза шауып, бас бейгені қолдан бермей келеді. Тағы бірі білім нәрімен сусындап, ғылымға көңіл бөлген. Яғни, мұндағы айтпағымыз, 28 жыл бұрын еліміз тәуелсіздігін жариялаған уақытта дүние есігін ашқан нәресте – бүгінде болашақтың кілтін қолына ұстаған Егемен елдің еркін азаматы, Тәуелсіздіктің төл құрдасы. Осындай жасындай жарқыраған жастардың 130-дан астамы бүгінде Түркістан облысы Полиция департаментінің білікті қызметкерлері қатарында. Полицияда қызмет

істеу – маңызды әрі жауапкершілігі мол жұмыс, деп жазады Түркістан облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі. Полиция халықтың мүддесін биік қоя жүріп, тыныштық пен бостандықтың сақталуын басты міндеті санайды. Сондықтан да, олар өз міндеттерін асыра атқарып, рухы мықты екенін жыл санап дәлелдеп келеді. Күн-түн деместен жұмыс орнында болып, халықтың сеніміне сызат түсірмей қызмет етіп жүр. Бұл тұрғыда полиция - Тәуелсіздік құрдас-тарының ерен еңбегін атап өтпексе болмас. Бүгінде Түркістан облысы ПД КСБ қызмет өткеруді ұйымдастыру жөніндегі аға инспекторы лауазымда Тәуелсіздікпен түйдей құрдас, оған қоса Елбасындай көшбасшы болсын деген ниетпен есімін Нұрсұлтан қойған Нұрсұлтан Дүйсенғалиұлы қызмет атқаруда. Ол Жамбыл облысы Тараз қаласында дүниеге келген. Артынан ерген 2 інісі мен қарындасына жол көрсетер үлгілі аға. Нұрсұлтан бала шақтан әкесін қайсар полиция формасында көріп, әке жолын жалғау мақсатында полицей болуды өзіне мақсат етіп қойған.

Қазіргі таңда Түркістан облысы ПД КСБ-да абыройлы жұмыс жасауда.

Бүгінде Нұрсұлтан тек әулетінің ғана емес, халқының азаматы болып, еліне адал қызмет етіп жүр. Назирадай нәзік арумен танысып, табысып, өмірлік жар етіп алып, өзінің кішкене мемлекетін құрған. Бүгінде 3 бірдей қазақтың келешек батырлары тәрбиелеп отырған жайы бар. Өз ұжымында сыйлы, беделді маман.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан бос уақытында спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстанады. Жалпы, полиция қызметкерінің тек заңды ғана білмей, спортқа жақын, шымыр денелі әрі жылдам болуы құптарлық жайт. Ендеше, елімен бірге қанат жайған Нұрсұлтанға тек абырой биігінен көріне бер дегіміз келеді. Қоғамдық тыныштықты сақтауда мінсіз қызмет ететіне сеніміміз мол.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Президент Н.Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге 28 жыл. 16 желтоқсан – ата-бабамыздың арманы орындалып, елімізді жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. Ендеше, бүгінгі кейіпкеріміздей еркін ойлы жастарымыз барда «Қазақстан» деген елдің аты асқақтап, дами бермек. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болып, қазақтың көк туы көкте желбірей берсін!

Бұл аптада кімдер туылған?

12.12.1957
Мұхтар Шерім
Сатирик

13.12.1962
Сәлкен Жорабеков
Бәйдібек ауданы, Қ.Бәйменов атындағы ЖОМ директоры

15.12.1951
Зауытбек Тұрысбеков
Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 25 жыл

Осынау жылдар ішінде еліміздегі мәслихат депутаттары халыққа аянбай еңбек етті. Осыған орай, ширек ғасырдағы абыройлы қызметтері үшін

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ: 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТІНІҢ ЖОБАСЫ ДАЙЫН



бірқатар азаматтар мәслихаттың 25 жылдық төсбелгісімен марапатталды. Халық қалаулыларын облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің өзі құттықтап, алғыс хаттарын тарту етті.

25 жыл ішінде Түркістан облыстық мәслихаты өңірдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып келеді. Қоғамдағы өзекті мәселелердің оң шешімін табуына атсалысып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдаудан бас тартқан емес. Бұл туралы Түркістан облысы мәслихатының хатшысы Қайрат Балабиев өз сөзінде айтып өтті. Мәслихаттың алғашқы шақырылымынан бастап, халықтың игілігі үшін қызмет еткен азаматтардың есімдерін атады.

Ширек ғасырдағы атқарылған жұмыстар халыққа айтпаса да белгілі. Себебі, мәслихат депутаттары әрдайым елдің жоғын жоқтап, қайырымды істер атқаруда. Оған биылғы жылы

орын алған Арыстағы оқиғадан ақ дәлел келтіре аламыз. Жұмылған жұдырықтай болып, ауызбіршілікпен халық үшін күш жұмсады. Бұл туралы бүгінгі мерекелік жиын барысында да айтылып өтті. Сондай ақ, осынау жылдағы еңбектері ескерілген бірқатар азаматтар 25 жылдық төсбелгісімен марапатталды. Көш бастаған облыс әкімі Өмірзақ Естайұлына да мерекелік төсбелгі беріліп, 25 жылдыққа арнайы жинақталған кітап ұсынылды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында 216 мәслихат жұмыс істейді. Онда жалпы саны 3335 депутат бар. Олардың ішінде 17 аймақтық, 36 қалалық, 163 аудандық мәслихаттар бар. Барлығы да халықтың қамын ойлап, мемлекет үшін аянбай тер төгіп келеді. Олардың жетістіктері елінің өркендеп, даму процесінің жоғарылағандығы. Бүгінгі жиында да осы тақырыптағы өңгімелер өрбіп,

облыстық депутаттардың жетістіктері сөз етілді.

Ал, Түркістан облыстық мәслихатының кезекті қырықтөртінші сессиясында депутаттар 18 мәселені бекітті. Енді,

млрд теңге бөлінбек. Жалпы жобада 74,9 млрд теңге әлеуметтік салаға бағытталады. Атап айтсақ білім беру саласына 55,5 млрд, денсаулық сақтауға 5,5 млрд, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық жұмыстарға 9,2 млрд, әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету шараларына 4,8 млрд теңге қаралған. Ал, облыстың қазынасынан аудан –қалалардың бюджетіне 2020 жылы 253 млрд.



2020-2022 жылдарға арналған бюджет әлеуметтік міндеттемелерді толық қамтамасыз етіп, экономикалық өсімді қалыптастырады. Сонымен, 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеттің жобасы дайын. Түркістан облысына келер жылы республикадан бөлінетін сувенция 387,8 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ, 2021 жылы 410,7 млрд., 2022 жылы 433,5

теңге, 2021 жылы 276,6 млрд, 2022 жылға 292,2 млрд теңге беріледі.

Алдағы уақытта облыста мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асатын жобалардың қатары да артып отыр. Сессияда облыстық басқармалардың ұсынысы негізінде келісімшарт түзілген және конкурстық құжаттамалары дайын 62 жоба тізбегі енгізілді.

Оның 41 білім саласы, 8 спорт, 5 тұрғын үй, 8 коммуналдық шаруашылық бағытындағы нысандар. Сондай-ақ, әріптестік бағытында Түркістан облысындағы мектеп-лицейлердің асханаларын қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынбақ.

2020 жылы білім беру саласы бойынша биыл құрылысы аяқталмаған, яғни өтпелі 51 нысанның құрылысына 22 млрд 967 млн теңге қарастырылып, нәтижесінде 49 нысан пайдалануға берілімек. Ал денсаулық сақтау ұйымдарының үш ғимараты күрделі жөндеуден өтеді. Оған қазынадан 2 млрд 197 млн теңге бағытталады. Сондай-ақ, келер жылы 37 ауыл таза ауыз сумен, 15 елдімекен табиғи газбен, 27 елдімекен сапалы электр

энергиясымен қамтылады. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бойынша биылдан өтпелі 18 тұрғын үйдің құрылысы да аяқталады деп күтілуде.

Осылайша, бұған дейін тұрақты комиссия отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелерді жіті талқылап, өзгертулер мен толықтыруларды нақтылаған депутаттар

облыстық мәслихаттың кезекті қырықтөртінші сессиясында өңірдің әлеуметтік мәселелері мен экономикалық дамуына серпін беретін басты бағыттарды бір ауыздан бекітіп берді.

Алтыншы шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезекті сессиясына төраға болып Мұрат Мейірманов сайланды.

Жанар ӘУЕЗ,
Жомарт БЕГІМБЕТ.

ХАЛЫҚТЫ БІЛІКТІ ЗАҢ КӨМЕГІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ - МАҢЫЗДЫ

Парламент Мәжілісінің депутаттары Түркістанда болып, кәсіби заң көмегінің жай-күйімен танысты. Шараңың басты мақсаты - халықты білікті заң көмегімен қамтамасыз ету, - деп хабарлайды ҚР Парламенті Мәжілісі Аппаратының Баспасөз қызметі. Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің көшпелі отырысына осы өңірдің, Шымкент қаласының, сондай-ақ, Жамбыл, Қызылорда облыстарының заң және құқық қорғау саласы қызметкерлері қатысты. Жиынға басшылық еткен бейінді комитет төрағасы Нұрлан Әбдіров атап өткендей, басты міндет – өткен жылы Мемлекет басшысы қол қойған «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңның жергілікті жерлерде жүзеге асырылуын назарға ала отырып, білікті заң көмегін көрсету жүйесін одан әрі дамыту, заң көмегін көрсету саласын жетілдіру аясында заңнамалық жаңалықтардың практикалық маңызын түсіндіру, заң консультанттары институтын одан әрі жетілдіру, адвокатура мен құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын үйлестіру. Еске сала кетсек, аталған Заңмен заң көмегін көрсететін субъектілердің жауапкершілігін көтеру мақсатында сапасыз заң көмегін көрсеткені үшін оларды жауапкершілікке тарту тәртібі қайта қарастырылды. Заңмен құрамында 6 адвокат, қоғамның 3 өкілі және отставкадағы 2 судья бар төртінші комиссиялардың екі деңгейлі жүйесі көзделген, бұл азаматтардың шағымдарын объективті және жан-жақты қарастыруды,



ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етеді. 2020 жылдан бастап адвокаттардың, заң консультанттарының кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру енгізіледі, бұл сенім білдірушілерге білікті заң көмегін алуға және сапасыз заң көмегі көрсетілген жағдайда келтірілген зиянды өтеуге кепілдік береді. Сондай-ақ, әлеуметтік және қаржылық қиын жағдайдағы азаматтар үшін адвокаттан немесе заң консультанттарынан, өзінің құқықтық жағдайын толық сүйемелдеумен ақысыз заң көмегін алу көзделген. Айта кетерлігі, жыл бойы осы және басқа заң талаптарының орындалу деңгейіне қатысты арнайы мониторинг жүргізілген. Отырыс барысында осы мониторингтің қорытындысы жарияланып, ашық пікірлер

мен ұсыныстар айтылды. Оның барлығы алдағы уақытта Парламент Мәжілісінде өтетін Үкіметтік саясатта және келесі жылға жоспарланған парламенттік тыңдауда тақырпқа арқау болмақ. Мәжілісмендердің қатысуымен жүзеге асқан шара 6-шы желтоқсанда Ордабасы ауданында жалғасын тапты. Халық арасында заңнама актілерін түсіндіру жұмыстарын қолжетімді етуді көздеген жиын алдымен мемлекеттік қызметшілер үшін түсіндірілді. Қазақстан Республикасы Мәжілісінің заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшелері Қанат Мусин, Наринэ Микаелян, Снежанна Имашевалардың өңірге сапары барысында аудан тұрғындары да бірқатар сұрақтарына тұщымды жауап ала алды.

Халық арасында заңды тұрғыдағы сауаттылықты арттыру – барлығымыз үшін де тиімді. Өйткені, өз құқығыңды білсең, мәселенің де түйіні тез тарқатылмақ. Заңнама актілерін жаттап алу міндет емес – соған сөйкес әрекетінді түзеу міндет. Мәселен, статистикаға сүйенсек, ауыл арасында төрт түлікті ұрлау, зорлық-зомбылық әрекеттері жиілеп кеткен. Тіпті, жолда жүру ережелерін білмейтін жүргізушілердің ісінен қаншама адам зардап шегіп жатыр. Бұл, түптеп келгенде әлеуметтік тұрмысты түзеуге емес, күзеуге алып келеді. Ұрлық жайттарының заң алдында ғана емес, Алла алдында да жауап беретіндігін түсінер ме екен алақтар. Ал, жыл ішінде республика көлемінде ішімдік ішкен 26 мың жүргізуші жауапқа тартылса, оның 3 мыңында тіпті құжаттары да болмаған. Міне, мәселенің мәніне келсек, заңнама сауаттылығын арттыру – әрбір адам үшін ғұмыр бойы қажет дүние.

Жол ережесін бұзған көлік тізгіндеушілерінің 60 пайызы ғана айыппұлды уақытында төлем жасайды. Ал, қалған 40 пайызы асықпайтындардың қатарында. Мұның өзі заңнама актілерін бұзуға себеп. Мәжілісмендердің аудан орталығына келіп, осындай тақырыпқа қозғау салуының өзі мемлекеттік қызметшілер мен бүгінгі жиынға келген халық арасында бірқатар тақырыптардың ашық айтылуына түрткі болды. Сондықтан, алдағы уақытта мұндай жиындар жиі ұйымдастырылып тұрса деген көпшіліктің ниеті де жоқ емес.

Тәртіпке бағынған құл болмайды. Ордабасы ауданының әкімдігінде өткен бұл басқосу құқықбұзушылықтың алдын алу мен ел тыныштығын қалыптастыруға негіз болды.

Әйгерім ОРЫНБАСАР

«Alliance» Сауда-өнеркәсіп палатасы» ЖШС жіп иіру фабрикасының ашылу рәсіміне қатысты. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің баспасөз қызметі primeminister.kz сайтында хабарлады.

Жоба биыл маусым айында ҚР және ӨР үкіметтерінің арасында бірлескен тоқыма кластерін құру туралы қол жеткізілген келісімдер аясында іске асырылды. Тараптардың күш-жігерінің арқасында қысқа уақыт ішінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, коммуналдық қызметтер тартылды, бұл көп жылдардан бері жұмысы тоқтап тұрған фабриканы іске қосуды қамтамасыз етті.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздің алдымызға «қарапайым заттар экономикасын» дамыту міндетін қойды, онда жеңіл өнеркәсіпке ерекше рөл беріледі. Біз оның алғашқы нәтижелерін көріп отырмыз», - деді А. Мамин.

Премьер-Министр фабриканы іске қосу Қазақстанның тоқыма кластерін дамытуға зор серпін беретініне сенім білдірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан экономикасының шикізаттық

ПРЕМЬЕР - МИНИСТРДІҢ САПАРЫ: ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ - ҚАРҚЫНДЫ



мейрамханалар іске қосылып және олардың айналасына жасанды көл пайда болмақ. Серіктес түрік компаниясы инвестициялық жобаның әлемде теңдесі жоқ екендігін айтады.

Бұл жоба Қазақстан мен Түркия елінің арасындағы ынтымақтас-

бірқатар нысандардың жұмысымен де танысты. Ауқымды жобалардың бірі саналатын халықаралық әуежай, оған апаратын жолдың құрылысы да назарға алынды. Себебі, туристерге қолайлы жағдай жасау - басты мәселе. Ал мәдени орталықтағы, амфитеатр жергілікті тұрғындар мен қонақтардың түрлі іс-шараларды тамашалап, әсерлі демалысын қамтамасыз етпек. Аталған нысаннан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің көрінісін көруге де болады.

Түркістан қаласына кіреберісте әлемдегі озық тәжірибелерді ұштастырған еңселі мешіт бой көтереді. Үкімет басшысы Асқар Мамин Түркістан облысына сапары барысында облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевпен бірге Өзбекстан Респуб-

«Бұл – бауырлас екі ел арасында жүзеге асырылып жатқан игілігі мол, ортақ жоба. Діни ғимарат Ұлы Жібек жолы бойы мен көне шаһарға келетін туристердің қызығушылығын арттыратын тағы бір үлкен нысан болады. Жалпы, Қазақстан мен Өзбекстан қарым-қатынасының әлеуеті зор. Ынтымақтастығымыз күннен-күнге нығайып, екі ел арасын жақындастыра беретініне сенімдімін. Алланың рақымы үшін жасалған жұмыстың дүйім елге пайдасы да мол болмақ. Бірегей жобаға қолдау көрсеткен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке ризашылығымды білдіремін», - деп ниеттестігін Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев жеткізді.

Өзбекстан Республикасының ресми өкілдерінің мәліметінше, ауқымды жобаға құрылыс пен сәулет саласының ең үздік майталмандары атсалысады.

Мешітте мұсылмандық жоралғыларды жасайтын орындар, конгресс-холл, неке сарайы, 400 орындық медресе, кітапхана, асхана салынады.

Осы тұста, «Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Назарбаев және Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Түркістан

орталығы ғимаратымен танысқан Үкімет басшысы сапар соңында Түркістанның дамуы бойынша кеңес отырысын өткізді.

Ал, Қазығұрт ауданына жасаған сапарында Асқар Мамин индустриалды аймақтың тынысымен танысты. Биыл мұнда ірі инвестор есебінен жаңа кәсіпорын өз жұмысын бастап отыр. Осы орайда зауыттар аймағына келген Үкімет басшысына Қазығұрт ауданының әкімі Төлеген Телғараев ауданның индустриалдық даму бағытындағы әлеуетін баяндады. Аймақта кәсіпкерлік саласының бірнеше бағыттары бойынша жұмыс жасап жатқан серіктестік өкілдері өз өнімдерін ұсынды.

«Қазығұрт» индустриалды аймағында іске қосылып отырған «CG Global» корпорациясының өндіріс орны қазірдің өзінде жергілікті 100 адамды тұрақты жұмыспен қамтуда. Ал кәсіпорын толық қуатқа көшкенде мұнда жалпы саны 300 жұмыс орны ашылмақ. Ал жобаның жалпы құны 5,7 млрд теңгені құрайды. Осы орайда үкімет басшысы жаңа кәсіпорынның алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

«CG Global» корпорациясының еншілес кәсіпорны «CG Foods Central Asia» компаниясы осылайша өндірісті түбегейлі іске қосып, жылына 5 мың тонна өнім шығаруды жоспарлап отыр. Мұнда бастапқы кезде өнімнің 12 түрі шығарылады. Кәсіпорынның өндірістік технологиялары толықтай еуропалық стандартқа сай.

Ал, кеспе өнімдері әлемге әйгілі сауда брендін таралмақ. Осылай деген «CG Global» корпорациясының иесі инвесторларға жасалған қолдау үшін Премьер-Министрге шынайы алғысын білдірді.

Айта кету керек, «CG Global» корпорациясы әлемнің 30 дан астам мемлекетінде бизнестің бірнеше бағытында жұмыс істейтін компаниялар тобынан тұрады. Сондықтан ендігі жерде Қазығұрт ауданында шығарылатын әлемдік брендтің жылдам даярланатын кеспе өнімдері елімізбен қатар Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан сынды алыс жақын шет елдерге экспортталатын болады.

Аталған жобаға «Казах Инвест» компаниясының ұжымы да үлкен



емес секторларына шетелдік инвестицияларды тартудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Өзбекстанның тоқыма өнеркәсібін дамытудағы оң тәжірибесін ескере отырып, биыл 22 маусымда өткен Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен үкіметаралық комиссияның 18-ші отырысы аясында Шымкент қаласында тоқыма кластерін бірлесіп іске қосу туралы келісімге қол қойылды», - деді А. Мамин.

Кәсіпорында бірінші кезеңде 120 жаңа жұмыс орны құрылған. Мақта-талшықты өңдеу көлемі жылына 6 мың тоннаны құрайды. Жобаға өзбек тарапының инвестициялары шамамен 4,6 млрд теңге.

Шымкент қаласының тоқыма кластерін қалпына келтіру жөніндегі Жол картасы аясында қосымша екі фабриканы іске қосу жоспарланған, бұл Қазақстанда өңделетін мақта көлемін 2 есеге арттыруды қамтамасыз етеді және 800 жаңа жұмыс орнын құрады.

Премьер-Министрдің Түркістанға сапары көпшілікке таңсық емес. Қазақстанның рухани астанасы Елбасының тапсырмасымен өркендеу жолына түсіп, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Солардың бірі – «Керуен сарай» көпфункционалды туристік кешені. Үкімет басшысы кезекті сапарында кешеннің құрылысын іске қосты.

Халықаралық деңгейдегі кешенің жалпы құны 39 млрд теңгені құрайды. Жобада заманауи қонақ үйлер, шығыс базары,

тық пен достық қарым-қатынастың жемісі деуге болады. Түркістан түркі халықтары үшін қасиетті мекен. Сондықтан қалаға келетін туристер үшін кешеннің маңыздылығы айрықша. Бірегей жобада көне шаһардың көрінісі сақталады. Құрылыс жұмыстары алдағы жылдың қазан айларында аяқталады деп күтілуде.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында түрік инвесторлары қолға алған тағы бір жоба - көпсалалы аурухана болмақ. Нысанның құны 100 млрд теңге. Жаңа ауруханада 350 дәрігер, 1700-ге тарта медицина қызметкерлері жұмыс істейтін болады. 630 төсек орны болатын ғимараттың құрылысы 2022 жылы пайдалануға берілмек.

Бұдан бөлек, Премьер-министр Түркістан қаласына жасаған сапарында құрылысы жүріп жатқан

ликасы өкілдерінің қатысуымен Ислам орталығының іргетасын қалаған. Бұл туралы мәліметті Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі таратты. Сәулеті ерекше Ислам орталығының ішкі және сыртқы безендірілуі шығыстық нақышта жүргізілмек. Мешіт алдағы 2020 жылы ашылады. Тәуелсіздік күні қарсаңында қолға алынған жаңа жоба жан-жақты зерделенген. Әлем елдеріндегі озық тәжірибелер де ескерілген. Мешіт іргесінің берік болуы үшін өзіндік технология әзірленді. Түркі әлемінің рухани темірқазығы, қасиетті Түркістан қаласында салынатын жаңа ғибрат орнында 5 мың жамағат бір мезгілде сөзге бас тигізіп, құлшылық ете алады. Мешіт құрылысы заман талабына сай озық үлгіде жүргізілмек. Ислам орталығының жалпы көлемі – 20 000 шаршы метр.



қаласының дамуына ерекше көңіл бөліп отыр. Биыл 4-5 қараша күндері Елбасының қатысуымен Түркістанда бірқатар салынған нысандар ашылды. Келесі жылдың күзінде мұнда Орталық Азия мемлекеттері басшыларының саммиті өтеді. Осыған байланысты біз қажетті нысандар құрылысының толық аяқталуын қамтамасыз етуіміз керек», - деді А. Мамин.

Жалпы Түркістанда 29 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Биыл олардың 11 пайдалануға беріледі. Елбасы тапсырмасына сәйкес әрбір ғимараттың заман талабына сай бой көтеруі де басты назарда. «Ұлы Дала елі», Ұлы жібек жолы қолөнершілер

қолдау білдірген.

Сонымен бірге инвесторлардың тиісті құжаттарын дайындау, жер телімін заңдастыру, техникалық және инфрақұрылымды шешуге тиісті көмек көрсетілген.

Кәсіпорын сұранысқа ие жылдам әзірленетін кеспе өнімдерін дайындауда 70 пайыз отандық шикізаттарды пайдаланады. Сонымен бірге алдағы уақытта зауыт жанынан тағы жаңа цех салынып, онда кеспеге арналған арнайы дөмдеуіштер шығару ісі де қолға алынбақ. Яғни келер жылы өндірістің қуаттылығы ұлғая түспек.

Жомарт БЕГІМБЕТ

Физика пәнін оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру — қазіргі заман талабы. XXI ғасыр — ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық — коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми — технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі — тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Физика сабақтарында ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: оқушының өз бетімен жұмысын, аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеуге, оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор екендігін дәлелден отыр.

Оқытушы сабағында ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі.

Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу-әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген студенттер зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады.

Студент тұлғасының дамуына ықпал жасайтын электрондық оқулықпен сабақтар жүргізудің негізгі міндеттері оқушылардың

базалық білім, ептілік, дағдыларын игеру жүйесін жетілдіру, танымдық қызығулары арқылы оқуға деген мотивациясын дамыту, оқу материалын игеруде және оқу іс-әрекеттерінде жете ұғынуға талпындыру, оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану, әр түрлі шапшаңдықпен және әр түрлі көлемді оқу материалын игерудің мүмкіншілігін ашу.

Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде студенттер бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен студенттерге ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін. Осылайша оқыту құралдарының бірі — электрондық оқулық.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Білім беру жүйесін ақпараттан-дыру мен ақпараттық — коммуникациялық технологияны оқу — тәрбие үрдісінде пайдалану студенттің өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

Әсел ҚОСМҰРАТОВА,
Политехникалық колледжінің

*Бұл жаңғыру — өрге бастау Ұлтымды,
Бұл жаңғыру — төрге бастау Ғұрпымды.
Ұлттық дәстүр — менің ұлттық құлым,
Кім көрінген қолды етпесін кілтімді.
Бұл жаңғыру — ұлыларды ұлықтау,
Ұлы Абайдың даналығын ұмытпау.*

Н. НАЗАРБАЕВ



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қолдау тапқан Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек.

Нұрсұлтан Назарбаев аталмыш жаңғырудың негізгі ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекпен қарамауға тиіспіз. Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға алып келеді. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды».

Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ға-

болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы — бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз ашық болуы керек.

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі — үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Қазіргі уақытта Елбасының жолдауын іске асырылып жатқан іс-шаралар атқарылып жатыр, қоғам мен білімнің дамуы, экономикалық өркендеу, тұрмыс сапасы, ұлттық қауіпсіздік білім берумен, ғылым ілгерілеуімен, ғылыми зерттеулер нәтижелерінің тәжірибелік қолдану тиімділігімен анықталады.

Кез келген елдің болашағы қашан да — өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді.

Білім — табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүгіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні — түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технол-

Рухани жаңғыру - ертеңіміздің кепілі

огиалық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек.

Білім беру сапасын арттырып, жастардың бәсекеге қабілетті болуына республикамыздағы іргелі оқу орындарының бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті білім сапасын жоғарылатуда үлкен жұмыстар атқарып келеді.

Биыл университет әлемнің үздік ЖОО-лар қатарында М.Әуезов атындағы ОҚМУ QS World University Rankings Results 2018 әлемдік рейтингі бойынша 33 позицияға көтеріліп, 480 орынды иеленіп, тұңғыш рет Top Universities 450+ енді. Білім беру сапасын қамтамасыздандыру Тәуелсіз Қазақстандық агенттігінің сараптама қорытындысы бойынша 3 орынға табан тіреді. Қазақстандағы университеттер арасында 3 орынды иеленді. Бәсекеге қабілетті, білімді де білікті мамандар даярлауда үздіксіз ізденіс жолындағы, өңірдегі іргелі оқу орны - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеттің құрылғанына биыл - 75 жыл. Осы мәреге тұрарлық нәтижелермен келгенімізге шын жүректен қуаныштымыз.

А.А. Токтабек,
А.Е.Отуншиева

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың
«Стандарттау және серти-
фикаттау» кафедрасының
магистр, аға оқытушылары*

Жалған шақырту

Өрт сөндіру қызметінің «101» телефонын әрбір адам білуі қажет. Бірақ бүгінде жиі болатын, ең маңызды нөмір балалардың сотқарлығы мен еркелігінің құралына айналып отыр. Бұл уақытта көрші үйде біреу өртке шалынуы мүмкін.

Шымкент қалалық Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі кез келген шақыртуларға шығады, тек ақиқат бойынша шын және жалған шақырту болғандығын білуге болады.

Жалған шақыртуды қабылдай отырып, өрт сөндірушілер кейде тіпті орын алған өртке дер кезінде әрекеттенуге үлгермей жатады.

